

85 Аудымал тынысы

«Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу»

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді)

ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР! ҚҰРМЕТТІ ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫ ЖӘНЕ ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшейді.

Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ұшыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мән-маңызы кете бастады. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің рөлі мен мәртебесіне сай қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болуда. Экологиялық және техногендік апаттардың кесірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батауда.

Батыстағы этносаралық-динаралық үйлесім мен мәдени әралуандық тұжырымдамасы дағдарысқа ұшырады. Жаһандық деструктивті күштер ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің іргесін шайқауда.

Босқындардың саны көбейіп, көші-қон дағдарысы туындады. Адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі саудасы да өршіп тұр. Бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа сын-қатерлер күллі адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Тіпті жасанды интеллектті пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтындар пайда болды. Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгере бастағанын аңғартатын басқа да факторлар аз емес. Қысқаша айтсақ, әлемде жаңа геосаяси тәртіп орныға бастады.

Қазақстан – әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық.

Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет.

Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан-жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек.

Баршаңызға мәлім, соңғы жылдары Қазақстанда ауқымды өзгерістер жасалды. Еліміздің саяси жүйесі анағұрлым озық әрі ашық бола түсті. Азаматтарымыздың сана-сезімі, болмысы өзгеріп жатыр. Соның арқасында халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сенімі нығайды. Бірақ алдымызда ауқымды жұмыс бар. Қоғамды жаңғырту үшін әлі де көп шаруа атқаруымыз керек.

Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның



бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық.

Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық қолкесті тезірек қабылдаған жөн. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс.

Жаңа технологиялық қалыптып ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек. Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек. Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектті енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек.

Осы орайда алдымызда тұрған мынадай маңызды міндеттерге тоқталып өткім келеді.

БІРІНШІ. Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Бірақ қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса,

жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет. Ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу қажет. «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай жасалуы керек. Еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыраңқы. Қағазбастылық көп, түрлі органдардың құзыреттері қайталанса. Ал қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе, бізге жаңа ұстаным керек. Қалай болса да, инвестиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей Премьер-министрге жүктеледі. Жаңа министрлік құрудың қажеті жоқ. Бірақ көзге оттай басылатын нәрсе: елімізде бірде-бір мекеменің атауында инвестиция деген сөз жоқ. Инвестиция тіпті, жетім бала сияқты үш-төрт мекемеге ортақ мәселе болып, өз жолын таппай жүр. Сондықтан Премьер-Министр он күн ішінде нақты ұсыныс беруге тиіс.

Бұдан бөлек Үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын мейлінше қысқа мерзім ішінде әзірлеуді тапсырамын. Меніңше, Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгертетін кез келді. Бас прокуратура заңсыз актив иелерімен өнімді жұмыс істегенін айта кету керек. Соның нәтижесінде қазынаға 850 миллиард теңгеге жуық қаржы қайтарылды. Бұл қаражат он мектеп, төрт спорт ғимаратын салуға, 235 денсаулық сақтау нысаны мен 177 су инфрақұрылымы нысанының құрылысына және жөндеу жұмыстарына бөлінді.

Республикалық бюджетке тағы қосымша қаражат түспек. Бұдан бөлек, инвесторларға ұсынылатын салық жеңілдіктерін қажет ойластырып, байыппен қолданған жөн, ел экономикасы үшін маңызды, пайдасы бар жобаларға басымдық берілуге тиіс. Жалпы, инвестициялық келісім жасау тәсілі өз тиімділігін көрсетті. Біз Ұлттық қордың тұрақты даму құралы ретіндегі рөлін қайта қарауымыз керек. Қорды қосымша инвестиция көзі ретінде қолдану үшін ел ішіндегі болашағы зор және нарықтағы әлеуеті жоғары болатын жобаларға қаржы бөлуге болады.

Ең бастысы, қаражатты мұқият ойластырып жұмсау керек. Бұл іске, қажеті болса, сапалы сараптама жасай алатын халықаралық деңгейдегі басқарушылар мен инвесторларды тартуға болады.

Экономикамыздың жоғары технологиялық салаларына бір миллиард долларға дейін инвестиция тарту туралы бағдарлама әзірлеу қажет. Оны Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп дайындауға тиіс.

Жаппай цифрландырудың, соның ішінде банк саласын цифрландыру ісінің пайдасы көп екені сөзсіз. Бірақ оның қауіп-қатері де аз емес. Соңғы жылдары онлайн-алайықтық мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан киберқылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микроқаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн. Киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектталды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізілген жөн.

ЕКІНШІ. Өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келді.

Бұл бағытта соңғы бес жылда бірқатар жетістік бар деп айтуға болады. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы қосымша құны екі есе өсіп, 17 триллион теңгеге жуықтады. Ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 12,4 пайызға жетті. Былтырдың өзінде 163 жаңа өндіріс іске қосылды. Соның нәтижесінде 12,5 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды. Мысалы, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Атырау облыстарында машина жасау және металлургия саласындағы ірі кәсіпорындар ашылды. Бивыл Алматыда әртүрлі автокөліктер шығаратын Қазақстандағы ең үлкен өндіріс орны жұмысын бастады. Бірақ бұл, әрине, жеткіліксіз.

Экономиканы әртараптандырудың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуге тиіс. Қазір бұл жұмыс жүйесіз жүргізіліп жатыр. Қолдау шарасын ұстанымдары мен талаптары әртүрлі институттар жүзеге асырады. Мұндай ахуал кәсіпкерлерді әбден шатастырады. Бұл саланы ретке келтіріп, үйлестіру жұмысын толығымен қолға алу керек.

Тау-кен металлургиясы қашанда Қазақстанның жаңа индустриалды қалыбының сенімді тірегі болып келеді. Оның ел экономикасындағы үлесі – 8 пайыз. Бірақ саланың даму әлеуеті зор. Әсіресе, терең өңделетін өнімдерді шығаруға мол мүмкіндігі бар. Жаһандық үдерістерге сәйкес, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызы арта түсті. Бұл саладағы әлемдік өндірістер мен сауда-саттықтың жаңа желісінде өз орнын нықтап алуына Қазақстанның толық мүмкіндігі бар.

Біз алдағы үш жыл ішінде тау-кен саласында жоғары технологиялық өнім шығаратын кемінде үш кәсіпорынды іске қосуға тиіспіз. Сондай-ақ Үкімет көмірсүтегі шикізатын терең өңдейтін бірқатар озық жобаны жүзеге асыруы қажет.

С 5 по 8 сентября в столице Узбекистана, городе Ташкент, прошёл Кубок мира по спортивной борьбе – грэпплинг версии AIGA WORLD CUP – 2025. По итогам престижного турнира уроженец села Дарьинское Руслан Каиржанов завоевал две золотые медали и стал двукратным чемпионом мира!

Наш земляк – чемпион Кубка мира!



В соревнованиях приняла участие более тысячи спортсменов из разных стран: Китая, Турции, Бразилии, России, Таджикистана, Кыргызстана, Польши, Кореи, Казахстана.

В разделе старших юношей Руслан провёл четыре схватки, все завершил досрочно и завоевал первое золото. А в категории молодёжи, одержав три уверенные досрочные победы, он вновь поднялся на высшую ступень пьедестала.

Наш земляк и раньше радовал нас спортивными достижениями, а теперь в очередной раз доказал своё мастерство на мировой арене. Напомним, что за несколько лет своей спортивной карьеры Руслан Каиржанов стал финалистом чемпионата Казахстана по грэпплингу, завоевал чемпионский пояс лиги «WRESTMMA», победил на международном турнире «Final», взял серебро турнира «Turkic World», пять раз становился чемпионом Западно-Казахстанской области по грэпплингу, а в феврале этого года выиграл чемпионат Казахстана по MMA. И теперь в его копилке — самое ценное достижение: две золотые медали Кубка мира AIGA.

За этими яркими победами стоит не только трудолюбие и сила духа спортсмена, но и большая заслуга его наставника – тренера Арслана Казыбаева.

– Руслан очень упорный молодой спортсмен и отличается от своих сверстников своим фанатизмом к делу. Он любит вид спорта, которым занимается. Порой его приходится выгонять из зала. К этому турниру он готовился тщательно. Его соперниками были чемпион мира из Таджикистана и спортсмен из Киргизии. Он одержал победу. Выиграв дважды кубок мира, он перешёл на новый уровень. Нас ждёт впереди чемпионат РК, а также Руслан прошёл отбор на азиатско-юношеские игры, которые пройдут в Бахрейне, – говорит его тренер Арслан Кадырбекович.

Мы поздравляем Руслана с очередной победой! Его упорство, труд и мастерство вновь принесли заслуженный результат – звание чемпиона Кубка мира по грэпплингу. Молодой спортсмен – гордость не только нашего села и района, но и всей области. Пусть впереди у него будут новые спортивные вершины, громкие победы и успех во всех начинаниях!

Динара ГИЗАТОВА,
село Дарьинское

«Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу»

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді)

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҮШІНШІ. Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлінуде, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған. Бірақ агроөнеркәсіптің орасан зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияны жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады. Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет. Әр аймақта дәйім өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптастыру керек.

Көптеген аймақта өндірістің барлық сатысын қамтитын үздік агрокаспорындар бар. Оларды жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін әлдеқайда арттыруда. Үздік агрокаспорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Бұл – құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ең өзекті міндеттің бірі, бұл – агрохабтар және логистика орталықтарын дамыту. Атап айтқанда, шетел инвесторларымен серіктестікті нығайту керек. Бірақ бұл жерде бір нәрсені ескеру қажет: отандық кәсіпкерлер қазіргі заман талабын дұрыс түсінбесе, яғни жасанды интеллекттің қалайша тиімді пайдалануға болатынын білмесе, табысты бизнес серіктестігін құра алмайтыны анық.

Министрлік мал шаруашылығы саласындағы агробизнесі қолдау жоспарын әзірлеп, нақты қаржыландыру шараларын бастауы керек. Басты мақсат – ішкі нарықты етпен толық қамтамасыз ету. Сонымен қатар осы саланың экспорттық әлеуетін күшейту.

Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті. Әрине, өзімізді өзіміз жүз пайыз қамтамасыз етуіміз мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят. Бұған қоса, дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа белсенді түрде таныту керек. Сондықтан аграрлық экспорттың нақты жоспарын әзірлеу қажет. Онда логистика, ветеринарлық және фитосанитарлық стандарттар мен ұтымды маркетинг стратегиясы ескерілуге тиіс. Бұл – Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғана емес, бірқатар мемлекеттік органның ортақ міндеті. Сондықтан іс-әрекеттерді Үкімет басшылығы деңгейінде үйлестіріп отыру керек. Үкімет Еуразия аумағындағы сауда-саттықтың әділ жағдайда жасалуын нақты дәлелмен талап етуге міндетті. Ал депутаттар заңнамалық бастамалар арқылы отандық өнім өндірушілердің құқықтарын қорғауға тиіс.

Еуразия экономика одағына мүше басқа мемлекеттердің кәсіпорындарымен салыстырғанда, біздің кәсіпкерлеріміздің қажетті мөлшерде мемлекеттік қолдауға ие болмай отырғаны анықталды. Сол себепті олар тиімсіз жағдайларға тап болып, ішкі нарықтың өзінде бәсекелестеріне есе жіберіп жатыр. Бұл жерде сүт өндірушілер туралы сөз болып отыр.

Жер – стратегиялық ресурс. Оның бар игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек. Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін

білетін азаматтарға беру керек. 2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет. Бұл – анық нәрсе. Сондықтан әкімдер қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуі керек. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесі де шешілуге тиіс.

Жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылықты жою қажет. Сол үшін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек. Осыған орай, жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Үкімет жыл соңына дейін заңнамаға тиісті өзгертулер ұсынуы қажет.

Бұл салада цифрлық технологияларды кеңінен қолдану айрықша маңызды. Қазірдің өзінде космомониторинг және геоталдау жүйесі пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап, оның бәрін қайтаруға септігін тигізіп жатыр. Жұмысты жалғастыру қажет. Жасанды интеллектті қолданып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутникпен мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Соның негізінде жердің сапасына, егіннің шығымына, дәнді-дақылдардың жай-күйіне және қай жерге қандай дақыл егілгеніне терең талдау жасалуға тиіс. Бұл – орман шаруашылығына да қатысты мәселе. Жақында Солтүстік Қазақстан облысында 9 мың гектар орманның иесіз жатқаны анықталды.

Бұдан бөлек жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек. Оған кадастрлық мәліметтерді, инфрақұрылымға және жер қойнауын пайдалануға қатысты ақпаратты кіріктіру қажет.

Қолданбалы ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейінше, агроөнеркәсіп кешенін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамыту мүмкін емес. Бірақ бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатқанына қарамастан, аграрлық ғылымның қайтарымы әлі де төмен болып отыр. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейі 17 пайыздан аспайды. Ал тиісті оқу орындарын бітірген түлектердің 40 пайызы ғана осы салаға жұмыс істеуге барады. Агроғылым мен «жердегі тіршіліктің» арасында алшақтық бар. Мен бұған дейін Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын агротехнология хабы ретінде қайта құру туралы тапсырма бердім. Ауыл шаруашылығы ғылымын дамытудың нақты жоспары қажет. Бұл құжат цифрлық технологияларды қолдануға және осы саланың өнімділігін едәуір арттыруға арналған жоспар болуға тиіс. Ветеринария мен фитопатологияның кенжелеп қалуы агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілетін айтарлықтай шектеп отыр. Осы мәселеге айрықша назар аударған жөн.

ТӨРТІНШІ. Көлік-логистиканы одан әрі дамыту керек.

Еліміз Еуропа мен Азияның арасын жалғап тұрған аса маңызды көпір болып саналатыны кеңінен белгілі. Былтыр біздің территориямыз арқылы жүк тасымалдау көлемі 1 миллиард тоннадан асты.

Сонымен бірге еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға әлі де зор мүмкіндік бар. «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі. Сондай-ақ негізгі дәліздер аясында автомобиль жолдарын дамытуға баса мән берген жөн. Қазір елімізде 13 мың шақырым автокөлік жолдары салынып, жөндөліп жатыр. Жол салған кезде транзиттік дәліздердің мән-маңызына баса көңіл аударған жөн. Үкімет жыл соңына дейін көліктің барлық түрін ескере отырып, бәсекеге қабілетті тариф саясатын әзірлеуге тиіс.

Жүк тасымалдаушылар рәсімдердің көп уақыт алатынын айтып, жиі шағымданады. Олар ер қызметті түрлі цифрлық жүйе арқылы рәсімдеуге мәжбүр. Тіпті бұрынғыдай қағаз толтырып, әуре-сарсаңға түсіп жатады. Кейбір шекара және кеден бекетінде сапалы интернет жоқ. Бұл да жұрттың наразылығын туғызады. Осындай келеңсіз жағдайларды тез

арада түзетуіміз қажет. Сонымен қатар жасанды интеллектті қолдана отырып, тасымалды басқарудың кешенді, көпбейінді цифрлық платформасын енгізу керек. Бұл жұмысты тездетіп аяқтау қажет.

Қазан айының соңына дейін кеден және логистика қызметін көрсететін Smart Cargo бірыңғай цифрлық жүйесін іске қосқан жөн. Бұл жүйе инфрақұрылымды жеке компанияларға автоматты түрде бірдей қолжетімді етеді.

Шекарадағы өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Биыл 8 бекет толығымен іске қосылады. Алдағы 3 жылда тағы 34 бекет жаңарады. Бұл – өте ауқымды шаруа. Себебі кейбір бекеттердің сапасы сын көтермейді, қазіргі заманның талабына сай келмейді, еліміздің беделіне нұқсан келтіреді. Автокөлікпен жүк тасымалдауға арналған шекара маңындағы қызмет сапасын жақсартуды Үкімет пен әкімдіктерге тапсырамын. Еліміздің бүкіл аумағында кедергісіз тасымалдау жүйесін қалыптастыру – өте маңызды міндет. Транзиттік жүктердің «жасыл дәліз» қағидасымен еш тосқауылсыз өтуіне барынша жағдай жасау қажет.

Жұрттың вагондардың жай-күйіне көңілі толмайды. Астанада вагон құрастыратын зауыт іске қосылды. Бұл осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жасалған маңызды қадам болды. Озық халықаралық стандартқа сай жабдықталған заманауи жолаушылар вагонын жасау шетел инвесторының қатысуымен қолға алынады.

БЕСІНШІ. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту – тұрақты дамудың негізгі факторы.

Үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің әрекетсіздігі салдарынан еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ондаған жыл бойы қараусыз қалып, бірте-бірте оның жай-күйі өте мүшкіл жағдайға түсті.

Қазір бұл ахуалды өзгертіп, инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Соның ішінде тарифтерді ырықтандыру, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын басқарудың жаңа моделін қалыптастыру сияқты шаралар бар. Мұндай үлгі бойынша тарифтер өскен сайын халыққа сенімді әрі сапалы қызмет көрсетілуге тиіс. Бұл іске «Ақылды қала» құру тұжырымдамасының көмегі тиері сөзсіз, оны еліміздің барлық өңіріне тарату керек. Оған озық халықаралық тәжірибелерді қолданып, білікті басшыларды, соның ішінде шетел мамандарын тарту қажет.

Қазіргі жағдайда мемлекет пен бизнес серіктестік орнатпаса, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мүмкін емес. Бұл – аксиома. Кейбір тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарын әкімдіктердің қарамағында сақтап қалу қажет пе, жоқ па деген мәселені жаңаша зерделеген жөн.

Жеке коммуналдық нысандарды мемлекет меншігіне алу – даулы мәселе. Оның бәрі ерте ме, кеш пе, қайтадан жекеге өтеді. Сондықтан мемлекет бұл саланы бақылап, реттеумен айналысуға тиіс. Ал оның инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу – жеке сектордың шаруасы.

Билік құрылымдары негізінен цифрлық тәсілдерді қолдана отырып, инфрақұрылым жобаларының ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті. Сонда Үкіметке және әкімдіктерге азаматтардың сенімі нығая түседі.

Коммуналдық шаруашылықты жаңғырту ісі инфрақұрылымдар мен тұрғын-үй қорын энергияны үнемдеуге көшіру шараларымен қатар жүруге тиіс. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын үнемшіл болуға ынталандыратын жаңа экологиялық және санитарлық-гигиеналық ережелер енгізу керек. Табиғи ресурстарды, әсіресе, суды үнемдеу мәдениетіне келсек, ол жағынан үлкен кемшілік бар екенін мойындауымыз қажет. Яғни атқарылатын жұмыс шаш етектен. Бұл – азаматтардың, әсіресе жастардың арасындағы түсіндіру шараларының, тіпті идеология жұмысының жеке бір бағыты. Біз қазірдің өзінде судың тапшылығын сезініп отырмыз. Ал оны тұтыну мәдениеті төмен. Су мәселесіне кейінірек тоқталамын.

Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан тұрғын үй құрылысы саласына айрықша назар аударған



жөн. Былтыр 19 миллион шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Сонымен бірге құрылыс сапасын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларының (Building Information Modeling, BIM) көмегімен ғимараттарды ақпараттық модельдеу әдісін кеңінен қолдану керек. Үкімет құрылыстың барлық кезеңдерін толық есепке алуды, жоспарлауды, оған мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін ұлттық цифрлық платформаны іске қосу қажет. Ал жаңа Құрылыс кодексі осы саланың қауіпсіз әрі ашық болуына және тұрақты дамуына жол ашатын берік заңнамалық негізге айналуда тиіс. Құжатты жыл соңына дейін қабылдау керек. Депутаттардың бұл жұмысқа атсалысуын сұраймын.

Су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі. Біз соңғы екі жылда осы саланың институционалды негізін қалыптастырдық. Атап айтқанда, Су кодексі қабылданды, арнайы министрлік құрылды. Бұл мекеменің алдында ауқымды міндеттер тұр. Оған үстіртін қарамау керек. Осы жұмыспен жүйелі түрде және жан-жақты айналысу қажет. Осыған орай кәсіби кадрларды дайындау керек, су дипломатиясымен айналысатын мамандарды әзірлеу қажет.

Қазір құзырлы органдарда еліміздегі су ресурстарының қолжетімді көлемі туралы нақты мәлімет жоқ. Кейбір қаналардағы судың 50-60 пайызы далаға кетуде. Суды есепке алу технологиясы өрден ескірген. Суды бөліп тарататын орындарда қазіргі заманға сай құрылғылар жоқ.

Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызы бар ресурс, сүзге өмір жоқ. Сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс. Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Платформада жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталады. Жоба іске қосылғанға гидрогеология мониторингін, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады. Осы жұмыс Ұлттық су теңгерімін (баланс) қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл – ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың аса маңызды тәсілі. Оны бұл салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес. Су үнемдейтін технологияны енгізу жұмысы баяу жүруде, нақты нәтиже әлі жоқ. Бұл жұмысқа белгілі шетелдік компанияларды тартқан жөн. Сондай-ақ Қытайда жасалған әлемдегі ең озық технологияларды сатып алуға болады. Су тапшылығына байланысты қиындық болуы мүмкін екені алдын ала ескертіліп жатады. Соған қарамастан дикандар суды көп қажет ететін дақыл егуді азайтар емес. Тіпті егін суаруға қажетті суды еш рұқсатсыз, шартсыз бұрып алатын жайттар жиі кездеседі.

Тағы бір келеңсіз жағдай, бұл – «қара нарықтағы» суды заңсыз сату я сатып алу. Құқық қорғау мекемелері бұл мәселемен айналысуы қажет. Былтырдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр, бұл баршаңызға аян. Осы жұмысқа миллиондаған азаматымыз атсалысуда. Жұрт болып жұмылудың арқасында 860 мың гектардан астам аумақ тазаланды, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылды. Осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек, аңсаған арманымызға жетіп, Қазақстан нағыз жасыл ел болмақ. Ал бұл келешек ұрпаққа керемет үлгі-өнеге және өсиет болып қалары анық. Осы жұмысқа атсалысып жүрген азаматтарға,

әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіремін.

Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет.

АЛТЫНШЫ. Кәсіпкерлер елімізді цифрлық дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс.

Қазіргі кезең орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл – жаман көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмаймыз.

Екі миллионнан астам шағын бизнес субъектісінің ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлер саны алты пайызға да жетпейтіні жасырын емес. Орта бизнесте бұл көрсеткіш жоғарырақ болғанымен, бәрібір көңіл көншітпейді. Былтыр мен «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл орталық бизнестің мүддесін ескере отырып, барынша ашық реттеу үлгісіне көшуге негіз болды. Бірақ Жарлық толық орындалмай отыр. Іскер азаматтардың әлеуетін толық ашу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан тиісті құқықтық базаны жаңғырту керек.

Қазір елімізде 21 кодекс, 300-ден астам заң бар. Оларға тым көп түзету енгізілген. Кейбір нормалар бір-біріне қайшы келіп жатады. Түптеп келгенде, осының бәрі бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр.

Заннаманы түгел тексеріп, зерделеп шыққан жөн. Жасанды интеллект технологиясы мұны жылдам әрі тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылады. Бұл орталық заңнаманы ретке келтірумен, түсінікті әрі тиімді ұсыныстар әзірлеумен айналысады. Заңды күрделендір бермеу керек. Қайта оны кәсіпкерлердің қажетіне қарай бейімдеп, министрлер мен әкімдердің нақты нәтиже үшін жеке жауапкершілігін күшейткен жөн.

Мемлекеттік органдар бизнес өкілдеріне ескерту жасаудың орнына әлі күнге дейін тым қатаң әкімшілік шешімдер қабылдайды деген мәлімет маған да жетіп жатады. Мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды. Міндетті талаптар тізімі бизнесті шектен тыс тексерістерден қорғайтын маңызды құралдың бірі болуға тиіс.

Қолданыстағы нормалардың Кәсіпкерлік кодекске сәйкестігін қосымша тексеріп, тізімді тезірек қолданысқа енгізу қажет. Біз азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландыру ісінде зор жетістікке жеттік. Бірақ бюрократиялық рәсімдер әлі күнге дейін бизнеске кедергі болып отыр. Цифрландыру ісін мақсаты әлі орындалған жоқ. Бұл ахуалды шұғыл түзеу керек. Ең алдымен, салықтық әкімшілендіруге назар аудару қажет.

Мемлекеттік кірістер комитеті цифрландыру үдерісін бойынша мемлекеттік органдар арасында көш бастауға тиіс. Бұл мекеме жасанды интеллекттің және басқа да озық технологияның әлеуетін салық төлеушілердің мүддесіне сай тиімді қолдануы керек. Осы жүйелі қадамның бәрі мемлекет пен бизнестің арасындағы қарым-қатынастың мүлдем жаңа, сервистік үлгісін жасауға арналған.

Жаңа Салық кодексі қазіргі нормалар мен рәсімдерді өзгертумен шектелмеуі керек. Бұл құжат салық төлеушілердің ашықтық пен адалдыққа негізделген жаңа таным-түсінігі мен болмысын қалыптастыруға тиіс. Мемлекет адал жұмыс істейтін салық төлеушілердің мүддесін қорғайды. Олардың адал еңбегінен түскен салықты елімізді дамытуға жұмсайды. Салықтан түскен әр теңге халықтың игілігіне жұмсалуға тиіс. Бұл – азаматтарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетіліп, инфрақұрылым салынып, мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылуы қажет деген сөз.

Даму институттары кәсіпкерлердің белсенділігін арттыру ісінде айрықша рөл атқаруға тиіс. Бірақ олардың жұмысында біраз кемшілік бар. Даму институттарының қызметін өзгертетін кез келді. Шын мәнінде, бұл құрылымдар нақты бір салаға бағытталған, терең талдау жасауға қабілетті және инвестиция салуға құқылы толыққанды даму институты ретінде жұмыс істеуге тиіс.

Тағы бір өте маңызды мәселе. Мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту көп жылдан бері өзекті міндет болып келеді. Мемлекеттік ұйымдар мен компаниялар негізсіз көбейіп, жеке кәсіпорындардың толыққанды дамуына мүмкіндік бермей отыр. Елімізде мемлекеттің үлесі бар ұйымдар саны 25 мыңға жуықтайды. Көпшілігінің қызметі мен құрылымы сын көтермейді, қысынға да келмейді. Қазір коммерциялық емес міндеттерді орындау үшін коммерциялық әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Соның салдарынан түрлі шығындар артып, корпоративті органдар көбейіп кетті. Нақты нәтижеге назар аударылмайды. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Үкіметпен бірлесіп, мемлекеттік секторды реформалау туралы нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын, қажет болса, арнайы Жарлық шығарамын.

Бұдан бөлек Үкімет Мемлекеттік мүлік туралы заңды жаңартуға тиіс. Заңда мемлекеттің экономикаға қатысу шегі нақты айқындалуы керек. Сондай-ақ басқару ісіне қатысты құқықтық талаптар көрсетілуі қажет.

ЖЕТІНШІ. Экономиканы жан-жақты жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейді.

Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жоспарланған 217 мектептің 150-і қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр. Қалған мектептердің құрылысы алдағы үш ай ішінде аяқталуға тиіс.

Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Жұмыс үдерістерінің едәуір бөлігі цифрлық технологияларды енгізу арқылы автоматтандырылатыны анық. Сол себепті менің тапсырмаммен 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздейтін Al-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс.

Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады. Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Елордада балаларды дамыту орталықтарын жеке қаражат тарту арқылы салу тәжірибесі бар. Көптеген кәсіпкер дәл осы мәселе бойынша көмек көрсетуге әзір екенін білдіріп жатыр. Әкімдер осындай жобаларды жүзеге асыруға кәсіпкерлерді белсенді түрде жұмылдыруы керек.

Еліміз білім экономикасына көшіп жатыр. Сондықтан ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды. Ғылым саласында әлі де мемлекеттің үлесі басым. Бірақ бюджет қаржысының қайтарымы әлі де шамалы болып тұр. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістн сияқты көзге көрінетін нақты нәтиже жеткілікті емес. Инновациялық саясатты Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырына берген жөн. Министрлік және Ғылым академиясы бірлесіп, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын үйлестіру ісімен белсенді

түрде айналысуы керек.

Жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беруге болады. Сонымен қатар Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс. Білікті мамандарымызды елге қайтарудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн.

Шетелден елімізді дамытуға үлес қоса алатын мықты мамандарды ұлтына қарамай тарту – өте маңызды міндет. Олардың Қазақстанда қалуына жағдай жасау керек. Себебі бізге білікті мамандар өте қажет. Әсіресе техникалық мамандықтарды меңгерген өз ісінің нағыз шеберлері керек. Қазіргі тілмен айтсақ, «сапасы жоғары адами ресурстар» қажет. Өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі.

Елімізге кәсіби даярлығы жоғары, білікті жұмысшылар өте қажет, бұл – анық нағыз. Сондықтан мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым. Қазір елімізде мыңдаған жұмыс орны бос тұр. Түрлі салада, тіпті, жалақысы едәуір жоғары жұмыс орындары бар. Бұл орындарды шетелден келіп жатқан адамдар толтыруда. Жыл сайын мыңдаған инженер, құрылысшы және ауыл шаруашылығы маманы оқуын бітіріп шығады. Оларға білім беру үшін мемлекет қомақты қаражат бөліп жатыр. Алайда көбі мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Олар арнайы білімді қажет етпейтін, тез табыс әкелетін жұмыстарды таңдайды. Әрине, жұмыстың жаманы жоқ, адал еңбектің бәрі – маңызды. Бірақ бұл үрдіс жеке адамға да, бүкіл елге де үлкен пайда әкелмейді. Азаматтардың өндіріске барғаны абзал.

Экономиканың нақты саласында жұмыс істеуге ұмтылғаны жөн. Осыған мемлекет қажетті жағдай жасауы керек. Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі.

Еңбек нарығын, әсіресе көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жоқ. Бұл жағдай осы саладағы болжау жұмысының сапасына және шешімдердің тиімділігіне кесірін тигізеді. Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағымының есебін жүргізетін бірыңғай цифрлық жүйе енгізуге тиіс.Ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалуы жұрттың бәрі тұрғысы келетін ірі қалаларымыздың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіріп отыр.

Астана – соның айқын мысалы. Соңғы үш жылдың өзінде елорда тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың тұрғынға көбейді. Биылғы өсім онсыз да жоғары саналатын осы көрсеткіштен асып түсуі мүмкін.

Елордада халық саны ресми түрде 1,5 миллион адам болғанымен, оның инфрақұрылымы іс жүзінде күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсетеді. Басқаша айтсақ, Астана 400 мыңнан астам адамға, яғни халық саны бойынша орташа қала саналатын тағы бір шаһардың тұрғындарына пара-пар жұртқа ешқандай жоба-жоспарсыз қызмет етіп жатыр. Сондықтан қаланы сумен және жылумен қамтамасыз ететін жүйелердің үздіксіз жұмысына қауіп төніп тұр.

Жұрттың өңірлерден ел астанасына не себепті тоқтаусыз көшіп жатқанына мұқият талдау жүргізіп, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тартымды басқа да орталықтар құруға арналған кешенді шаралар қабылдау керек. «Жүргенге жөргем ілінеді» деген қағидатты енгізіп, өңірлердің әлеуметтік міндеттемелерін қаржыландыру мәселесін қайта қараған жөн. Сонымен қатар аймақтардағы әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік төлемдерді біріздендіру керек. Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәріне көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды. Осы жеңілдіктерді әперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің базасында ауқымды деректер мен жасанды интеллект технологиялары енгізілген Демографиялық үдерістерді талдау және болжау орталығын құру керек. Демография және еңбек нарығындағы үрдістер зейнетақы жүйесіне қатысты ұстанымдарды қайта қарауды қажет етеді. Азаматтардың, әсіресе, өз-өзін жұмыспен қамтып отырған адамдардың зейнетақы жинағы аз екені байқалады. Үкімет Ұлттық банкпен, сондай-ақ Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесе отырып зейнетақы жүйесінің қаржылық

ЖОЛДАУ

тұрақтылығын нығайту, зейнетақы төлемдерінің ұзақ уақыт бойы теңгерімді бар азаматтарға және егде болуын қамтамасыз ету шараларын ойластыруы керек.

Азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру мәселесі әлі де өзекті. Осы ретте, «AMANAT» партиясы ұсынған «Қарыссыз қоғам» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру керек. Былтырдың өзінде осы жоба аясында 845 мың адам сауатын жетілдіріп, зангерлік кеңес алды. Түпкі мақсат – халықтың мойнындағы қарызын азайту ғана емес, азаматтардың табысы тұрақты болуын қамтамасыз ету.

Мемлекет денсаулық сақтау жүйесін дамыту үшін жүйелі шаралар қабылдап жатыр. Елімізде медицина нысандары біртіндеп жаңғыртылуда. Ауылдағы фельдшерлік-акушерлік пункттерден бастап мамандандырылған ауруханаларға дейін жаңартылып жатыр.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 504 нысан салынды, осы жылдың соңына дейін тағы 115 нысан пайдалануға беріlmек. Ал қалалы жерлерде денсаулық сақтау саласына қатысты бірқатар ірі нысан іске қосылды. Мысалы, Астанада онкология орталығы, Алматыда жұқпалы аурулардың ғылыми орталығы ашылды. Осы ретте бұған дейін түрлі аймақта бой көтерген көпбейінді ауруханаларды бюрократиялық шырғалаңға салмай, пайдалануға беру қажет. Сондай-ақ мұндай жаңа нысандар салуды жалғастыра берген жөн. Бұл жұмысқа мемлекеттік-жекеменшік серіктестік механизмдері аясында жеке инвестицияны да тарту керек. Сонда азаматтар Астанаға көше бермейді.

Басқа да бағыттар бойынша жұмыстарды жандандыру керек. Соның ішінде фармацевтика өнеркәсібін дамытуға баса мән берген жөн.

Өзімізде жасалатын дәрі-дәрмектің түрі мен санын көбейту – стратегиялық міндет. Бұған, әсіресе, пандемия кезінде әбден көзіміз жетті.

Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығына және медициналық қызметтерге мониторинг жүргізу ісінің тиімділігіне қатысты мәселелер бар.

Бюджет қаржысы шектеулі кезде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры іс жүзінде бюджетті реттеуші рөлін атқарып отыр. Қор дайын өнім жеткізетін кәсіпорындарға бақылауды күшейткеннің арқасында шығынды көбейтпей ұстап тұр.

Үкімет жасанды интеллект технологиясын қолданып, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруға тиіс. Елімізде дәрігердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шаралар қабылданып жатыр. Бұл жұмыс өз жалғасын табады.

Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін тағы бір түйткіл, бұл – жол қауіпсіздігі. Мен былтырғы Жолдауда бұған арнайы тоқталдым. Әрине, біраз шаруа жасалып жатыр. Соған қарамастан көлік апаттары азаймай тұр. Жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Шын мәнінде, көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындар өз есебі. Жылдамдықты асырмау, жол ережесін бұзбау – ең басты және маңызды талап. Әрбір адам өз өміріне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты екенін сезінуге тиіс. Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет.

Сондай-ақ электросамокаттарға назар аударған жөн. Бұл тақырып қоғамда қызу талқыланып жатыр. Екі жыл бұрын жаяу жүргіншілер жолымен жүруге шектеу қоятын заңнамалық өзгерістер енгізілді. Бірақ қоғамдық орындардағы ахуал өзгері қойған жоқ, әлі де азаматтарға қауіп-қатер төніп тұр. Қазір бұл саланы реттейтін заңға түзетулер әзірленді. Оны көп созбай қабылдау керек. Әрбір азаматтың, әрбір баланың өмірі қымбат. Бұл мәселеде ұсақ-түйек деген болмайды. Түптеп келгенде, мұның әрқайсысы – Қауіпсіз Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадамдар.

Келесі мәселе. Бұл – жасанды интеллекті дәуіріндегі мәдениет пен өнердің дамуы. Осы салаға бұрынғыдай айрықша мән береміз, тиісті инфрақұрылымды саламыз және қажет болса жөндеуден өткізіп, қалпына келтіреміз.

Өнер адамдары еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін шетелге паш етіп жатыр. Бұл – құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз. Бірақ олар жаңа заманның талабына бейімделіп жұмыс істеуі керек.

Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға баса мән беремін. Аймақтарда спорт нысандары бой

көтеріп жатыр. Үйірмелер балаларға қолжетімді бола бастады. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға және егде адамдарға арналған спорт клубтары ашылып жатыр. Сондай-ақ кәсіби спорт саласында оң өзгерістер болып жатыр. Мен бұған дейін шетелден келген спортшыларға бюджеттен қаржы бөледі шектеу туралы тапсырма бердім. Депутаттар бұл бастаманы қолдап, арнайы заң қабылдады. Бірақ мұнымен шектеліп қалуға болмайды, алға қарай жүруіміз керек.

Футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты тездету керек. Қазір еліміздің төрт футбол клубына белгілі кәсіпкерлеріміз ие болды, яғни, клубтар жекеменшікке өтіп жатыр. Сол үшін оларға ризашылығымды білдіремін. Дегенмен футболды коммерциаландыру ісін жалғастыра беру керек. Мұндай қадамсыз Қазақстанда футбол дамымайтынын әлемдік тәжірибеден көріп отырмыз.

Қазіргі заманда кәсіби спортты қомақты табыс әкелетін бизнес-индустрия ретінде қарастырған жөн. Қадірлі отандастар!

«Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке тәзбеушілік пайда болады.

Ашығын айтуымыз керек, қазіргі таңда адамдарда дәрекі сөйлеп, бір-біріне ерегесіп, жаға жарыцсатын әдет бар. Осындай келенсіз оқиғаларды, әсіресе, қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады. Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар. Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жараспайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс.

Озық ойлы ұлт болу үшін мұндай жағымсыз әдеттен түбегейлі айрылуымыз керек. Ұлты Абай «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деп бекер айтпаған. Мәдениет пен әдел, тәрбие мен тәлім әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет.

Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет – еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болуы керек. Халқымыз тату болса, ішкі ахуал тұрақты болса, біз барлық қиындықты жеңеміз. Кез келген кедергімен өтеміз. Сондықтан жұртымызды ел тыныштығын бағалай білуге, сақтай білуге шақырамын. Әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болуы керек.

Бүгінде патриотизм деген сөздің сипаты, мазмұны өзгеріп жатыр. Бұрын бұл ұғым негізінен дәстүрлі құндылықтармен өлшенетін, тіл, мәдениет, руханият мәселесі ұлттық мүдденің өзегі ретінде саналатын. Әрине, бұл дұрыс, әрқайсысы ұлт болмысының арқауы. Оны бізден ешкім тартып алмайды, оған алаңдауға еш негіз жоқ. Қазіргі көкірегі ояу жас ұрпақ отаншылдық деген сөзді басқаша бағындайды. Жастардың басым көпшілігі әсіредіншілдікті, әсіреұлтшылдықты қолдамайды. Олар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық. Жастар «Елді сую дегеніміз – халыққа пайдасы тиетін жаналық ашу, жаңа іс бастау» деп түсінеді. Олар Қазақстанды дамыған, көркейген мемлекет ретінде көргісі келеді. Заманауи технологияларды меңгеріп, халқымыздың озық ойлы ұлттардың қатарына қосуға талпынады.

Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Мен мұны толығымен қолдаймын. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін.

Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің жасанды интеллект негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай оң ықпалын тигізетін жаңа саяси реформа туралы ойымды ортаға салғым келеді. Бұл жерде парламенттік реформа туралы айтқалы тұрмын.

Жоғары өкілді билік тармағына қатысты реформаны бұған дейінгі барлық өзгерістің, соның ішінде Президент билігіне қатысты өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес билік пен халықтың арасында ашық әрі бүкпесіз диалог орнатып жатырмыз.

2022 жылы маусым айында елімізде жалпыұлттық референдум өтті. Онда азаматтарымыздың басым көпшілігі «Құшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиясына қолдау білдірді. Бағдардың дұрыс екенін көрсетіп берді. Дегенмен бір жерде тоқтап қалуға болмайды.

Біз еліміздің және кейінгі ұрпақтың болашағын тереңнен ойлауымыз керек. Менің жылдың басында «Ана тілі» газетіне ауқымды сұхбат бергенімді білесіздер. Онда «Реформа – ұдайы жүретін үдеріс, қоғамда нақты сұраныс болса, жаңа реформалар әзірленеді» деп айттым.

Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын.

Сенат 1995 жылы елімізде күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте Парламенттің жоғары палатасы ретінде құрылды. Ол кезде мемлекеттігіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған едік. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен, тиімді атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді.

Баршаңызға мәлім, мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қашанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым. Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес. Соған қарамастан мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергін келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет.

Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын. Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз.

Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын. Бұл – әлемде кеңінен тараған парламенттік рәсім. Осылайша, Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді. Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент қайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуына уақыты болады. Депутаттарымыз нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп ойлаймын.

Түптеп келгенде, саяси реформалардың бәрі еліміздің біртұтас институционалды жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады. Әрине, заңды сұрақ туындауы мүмкін: Президент Парламенттік реформа жасау қажеттігі туралы неге соншалықты ерте жариялап жатыр, әйтпесе, саяси технологияның қағидасына сәйкес мұндай шаралар тосыннан, күтпеген жерден жасалады емес пе? Бірақ мен осыған дейін де айттым, тағы да қайталап айтамын: мен еліміздің және халқымыздың тағдырына қатысты қандай да бір мәселеге келгенде тек қана ашық саясат жүргізу керек деп санаймын, мұндай ауқымды реформаны қоғамнан құпия ұстауға болмайды деп есептеймін.

Осындай тағдырлы мәселелер бойынша халықпен ашық сұхбат жүргізу қажет деп сенемін. Сонда ғана бәріміз бір ел болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз.

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін.

Қазақстанымыз мәңгі жасай берсін!

(Жолдаудың толық нұсқасын ҚР Президентінің ресми сайтынан және «Жайық Пресс» сайтынан оқи аласыз)

«Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі»

Жуырда Дариян ауылдық округі кітапханалары мен Дариян ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай тағылымы мол, мазмұны бай іс-шара өтті. Мерекелік кешке ауыл тұрғындары, оқушылар, кітапхананың тұрақты оқырмандары мен қонақтар қатысты.

Бұл күн – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келетін ерекше мейрам. Тілдер күні ел ішіндегі барлық ұлт пен ұлыстың тілі мен мәдениетін құрметтеуге, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтуға бағытталған. Дариян ауылдық кітапханасында өткен «Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі» атты әдеби-танымдық сағатты кітапханашылар жүргізіп, қонақтарға тілдің ел бірлігін сақтаудағы рөліне тоқталып, әрбір халықтың тілі – оның болмысы мен мәдениетінің айнасы екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі мен өзге ұлт өкілдерінің тіліне көрсетілетін құрмет туралы да кеңінен сөз қозғалды.

Іс-шара барысында мақал-мәтелдер сайысы ұйымдастырылып, оқырмандар халық даналықтарын толықтырып, белсенділік танытты. Бұл ойын қатысушылардың тіл байлығын арттырып, ой-өрісін дамытуға ықпал етті.

Мәдениет үйінің өнерпазы Дарын Қадыр «Айналым елім» әнін орындаса, Александр



Каренский «Малиновый звон» әнімен көрерменді тәнті етті. Ал кітапхананың тұрақты оқырманы Рустам Құлқаевтың орындауындағы «Рахмет саған, туған ел» әні көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Бұл көріністер түрлі ұлт өкілдерінің өнерін дәріптеп, көпұлтты еліміздің татулығын паш етті.

Кеш соңында кітапханашылар барша оқырманды мерекемен құттықтап, ана тілімізді қадірлеп, барлық ұлттың тіліне құрметпен

қарауға шақырды. Сонымен қатар бұл мереке Ахмет Байтұрсынұлының рухани мұрасы – ұлттық болмыстың өзегі екенін атап өтіп, қатысушыларға алғыс білдірді. «Мемлекеттік тіл – ұлттық қазына» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, шолу жасалды.

Осындай тағылымды басқосулар тілдің ғана емес, тұтас ұлттың ұлы мұрасын қастерлеуге жол ашып, елдігіміздің еңсесін көтерері сөзсіз.

Шолпан СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
Дариян ауылдық кітапханасының меңгерушісі

Қазақстанда қыркүйек айының екінші жексенбісінде ерекше мереке – Отбасы күні аталып өтеді. Бұл күн – шаңырақтың, сыйластық пен ынтымақтың, ата-аналар мен балалар арасындағы мейірім мен сүйіспеншіліктің мерекесі. Бүгінде шынайы сезіммен, адалдықпен отбасын құрып, елге үлгі болып отырған ақсақалдар мен ақ жаулықты аналарымыз аз емес. Бақытын отбасынан тапқан адам – ең бақытты жан. Онымен бірге жастар арасында да еңбегімен көзге түсіп, тату-тәтті ғұмыр кешіп отырғандар жетерлік. Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған ауданымыздың қос отбасы – Айдархановтар мен Әубәкіровтер әулеті. Биыл олар отасқанына 15 жыл толып, отбасылық өмірінің мерейлі белесін атап өтуде.

Бақытты отбасы – мықты мемлекет іргетасы

Адам баласы үшін отбасыдан артық құндылық жоқ. Ақунделікті жұмыстан кейін үйге оралып, алдыңнан балаларының қуанып қарсы алғанының өзі – үлкен бақыт. Отбасы – адамға тірек, өмірдің мәні. Шынайы береке мен шаттықты дүние-мүлікпен сатып алу мүмкін еместігі анық.

Дариян ауылында Отбасы күніне орай үлгілі жас шаңырақтың бірі – Айдархановтар отбасы туралы әңгімелесуді жөн көрдік. Асұлан мен Әсемгүл Айдархановтар – көпбалалы, өнегелі жанұя. Олар 2010 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде үш қыз бен екі ұл тәрбиелеп отыр.

Асұлан Айдарханов 1982 жылы Сырым ауданы, Жымпиты ауылында дүниеге келген. Орал қаласындағы БҚМУ-дың «Бастапқы әскери дайындық» факультетін тәмамдаған. 2011 жылдан бері Бәйтерек ауданына қарасты Дариян ауылындағы Абай атындағы мектеп-гимназия-интернатында алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді. Ол шәкірттеріне білім беріп қана қоймай, адал еңбек пен адамгершіліктің үлгісін көрсетіп жүр. Жары Әсемгүл Талғатқызы да осы мектептің қызметкері. Ол жастайынан өнерге жақын болып, ән салып, түрлі байқауда жүлделі орындарға ие болған. Ж. Досмұхамедов атындағы колледжді бітірген соң Сырым ауданының жастар ұйымында және аудандық газетте тілші болып еңбек етті. Қазіргі таңда Дариян ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Қазақтың келіндері» клубының белсенді мүшесі.



Балалары да өнерлі әрі спортқа бейім. Ұлдары Нұрым домбыра тартып, күреспен шұғылдана, Нұрасыл ән айтып, футбол ойнауды ұнатады. Қыздары Нұрайым мен Гүлсезім ән айтып, би билеуге құмар, спорттан да қалыс емес. Ал ең кенжелері – әзірге үйдің еркесі.

Айдархановтар отбасы – ауылдағы көптеген жас жанұяға үлгі. Олар әр мерекеде бірге болып, ағайын-туысқа қолдау көрсетуді дәстүрге айналдырған. Отбасылық ұстанымы – балаларын әдепке, адамгершілікке, қамқорлыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге және еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Егіндібұлақ ауылында тұратын Руслан мен Жанаргүл Әубәкіровтер де 2010 жылы шаңырақ көтерген. Бүгінде бір қыз – Айым мен бір ұл – Аянды тәрбиелеп отыр. Спортқа жаны жақын бұл шаңырақ ауыл жастарына саламатты өмір салтын үлгі етіп жүр.



Руслан Серікұлы 1987 жылы Егіндібұлақ ауылында дүниеге келді. Қазіргі таңда электр мамандығы бойынша Егіндібұлақ ауылында және жалпы орта білім беретін мектепте еңбек етіп келеді. Жұбайы Жанаргүл Мақсатқызы – сол мектептің қызметкері. Әубәкіровтер отбасы спортқа жақын, түрлі жарыста жүлделі орындарға ие болып жүр. Балалары да спортқа бейім. Жас шаңырақ аудандық спорттық іс-шараларға жиі қатысып, бірнеше рет мектеп пен аудан атынан марапаттарға ие болып, Отбасы күніне арналған спорттық эстафеталарда да белсенділік танытқан.

Отбасы күні – әр шаңырақтың бірлігін дәріптейтін, сүйіспеншілікті арттыратын ерекше мереке. Өйткені мықты мемлекет бақытты отбасылардан құралады.

Динара ФИЗАТОВА

Сөзіңе құрмет – өзіңе құрмет

Қазақстанда Тіл мерекесі 2017 жылдан бастап 5 қыркүйекте аталып өтеді. Бұл күннің Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келуі бекер емес. Ұлт ұстазы қазақ тіл білімінің негізін қалап, әліпби жасап, оқулықтар жазып, тілдің мәртебесін көтеруге бар ғұмырын арнады.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын бай әрі әуезді тіл. Бүгінде дүние жүзінде 15 миллионнан астам адам қазақша сөйлейді. Қазақстаннан бөлек, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Ресей және Еуропаның бірқатар елінде қазақ диаспоралары бар.

Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі – әуезді дыбыстар жүйесі. «Ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ» сияқты дыбыстар әлемнің көп тілінде кездесе бермейді. Осы дыбыстар арқылы қазақ сөзі әуен секілді үйлесім тауып, үндестік заңына бағынады.

Сөздік қорының байлығы да тілдің қуатын айғақтайды. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жүз мыңнан астам сөз қамтылған. Тек «жүру» етістігінің өзіне елу-алпысқа жуық балама бар: серуендеу, қозғалу, жорғалау, еңбектеу, ілбу және тағы басқалары. Бұл қазақ тілінің бейнелілігі мен көркемдігін дәлелдейді.

Қазақ тілінде бір әріптен тұратын әрі дыбысталуы арқылы түрлі эмоцияны білдіретін сөздер бар. Мысалы, «А?» (таңдану), «Ә!» (ұғыну), «О!» (тамсану) және т.б.

Халқымыздың ғасырлар бойғы даналығы мақал-мәтелдерде сақталған. Қазақ тілінде отыз мыңнан астам мақал-мәтел бар. «Өнер алды – қызыл тіл», «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» секілді нақылдар сөз қадірін ұлықтап келеді.

Сәлемдесу дәстүрі де тіл мәдениетінің бір қыры. Қазақта «Сәлеметсіз бе?», «Амансыз ба?», «Ассалаумағалейкум», «Қалың қалай?» сияқты амандасудың ондаған түрі бар. Әрбірі сый-құрметті, ізеттілікті білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген еді. Сондықтан тіл – ұлттың жаны, халықтың алтын тұғыры. Тіл мерекесі – сол қастерлі қазынаны қадірлеудің, оны келер ұрпаққа әуезін, дыбысталуын, сөздік қорын сақтап жеткізу насихатталатын айрықша мейрам.

Өз тілшіміз



«Мы все делаем через добро, любовь и улыбку!»

5 сентября заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана, заведующий секретариатом АНК Марат Азильханов встретился с представителями Ассамблеи народа Казахстана ЗКО. Высокий гость приехал, чтобы лично пообщаться с руководителями и активистами этнокультурных объединений и поделиться новыми идеями по развитию работы Ассамблеи.



Встреча состоялась в Центре искусств Атамекен. Марата Азильханова приветствовал заместитель акима ЗКО Каиржан Мендигалиев. Он отметил, что в Западно-Казахстанской области работают более 50 этнокультурных объединений – в направлениях просвещения, благотворительности, воспитания молодежи, сохранения национальных традиций, укрепления межэтнического согласия. В 2024 году в области было проведено более 4 тысяч мероприятий, в которых приняли участие 150 тысяч человек. В текущем году состоялось более 1500 мероприятий.

– Встречи с единомышленниками дают мне большое вдохно-

вение, – сказал в приветственной речи Марат Азильханов. – В Ассамблее особенная атмосфера. Мы все делаем через добро, любовь и улыбку. Вдохновляет и ваш край – край добрых традиций и прекрасных людей, которые ценят дружбу. Хочется услышать вопросы, которые вас волнуют.

Руководитель чечено-ингушского этнокультурного общества Данильбек Саратов рассказал о жизни региональной Ассамблеи. Он подчеркнул, что Ассамблея – не только хранитель традиций, но и проводник новых идей. АНК реализует задачи, которые поставил президент РК Касым-Жомарт Токаев на 29 сессии АНК – активное вовлечение молодежи, укрепление

связей с общественными организациями, расширение волонтерских практик. «Президент поручил принять меры по популяризации музеев. В этой связи в поселке Дарьинское района Бәйтерек, в музейном комплексе имени Михаила Шолохова ведутся масштабные ремонтные работы. Культурно-историческое наследие нашего народа поддерживается на должном уровне», – отметил Данильбек Алиевич.

Руководительница татарского этнокультурного центра Флюра Ириковна Миликеева рассказала журналистам, что татарскому центру поручена почетная миссия – встреча гостей из Астаны в музее Габдуллы Тукая, экскурсия по та-

тарской слободе, визит в Красную мечеть и в медресе, где учился основоположник татарской поэзии.

– Такие встречи в разных регионах нашей страны позволяют услышать идеи, предложения общественных структур АНК, и в дальнейшем их ввести в общую практику, – говорит председатель республиканского общественно-общественного объединения «Ассамблея жастары» Тимур Джумурбаев. – В Западно-Казахстанской области Ассамблея работает активно, привлекает к своим мероприятиям множество граждан. Сегодня Ассамблея работает по разным направлениям. Конечно, проводятся мероприятия в рамках празднования 30-летия АНК. Сегодня акцент

делается на работу с трудовыми коллективами, сформирована Трудовая ассамблея. Из новых проектов – спортивное направление. Мы ставим во главу угла практическую пользу нашей деятельности для всего общества, для разных категорий граждан. В прошлом году в ЗКО силами Ассамблеи и привлеченных благотворителей было выдано более 300 ноутбуков и школьных наборов детям, семьи которых пострадали от паводка.

– Таких институтов, как Ассамблея, больше нет в мире. АНК объединяет разные организации по всей стране, это разноплановая, большая общественная сила, – сказал в завершении встречи Марат Азильханов. – Совет матерей включает около 2000 организаций по всей стране. Проекты АНК цементируют наше общество. Я езжу по регионам и знаю проблемы на местах. Собираю и анализирую предложения по развитию нашей работы. Концепция развития ассамблеи будет обсуждаться в Астане. Сейчас актуально такое направление, как Цифровая ассамблея. Это активная работа в социальных сетях, которая необходима для привлечения молодежи – если мы хотим, чтобы наш голос мира, любви, добра был услышан тысячами, миллионами. Надеюсь, что эту идею подхватят и в западном регионе, и мы вместе будем работать на одно большое доброе дело!

Кристина ДАНИЯР

Человек, который жил для людей

Есть люди, чьи имена становятся частью истории целого района. Их жизнь – это не только биография, но и отражение времени, свидетелями и хранителями которого они были. Таким человеком был Николай Антонович Анципрович. Педагог, журналист, общественный деятель, почётный гражданин района Бәйтерек – он прожил долгую и удивительно насыщенную жизнь.



Сегодня, вспоминая его, мы словно листаем страницы памяти, где каждое слово наполнено благодарностью и теплом. Первым своими воспоминаниями поделился главный редактор газеты «Ауыл тынысы» Сакен Абулхаликов:

– В нашей редакции ветеранов уже осталось немного. Среди них особое место занимал Николай Антонович Анципрович. К сожалению, на прошлой неделе он отправился в последний путь, и теперь о нём приходится говорить в прошедшем времени. Для Николая Антоновича районная газета всегда была не просто печатным изданием – она занимала особое место в его жизни. Более полувека он был тесно связан с «Ауыл тынысы», и для нас это не просто цифра, а целая эпоха. Помню, с тех пор как я пришёл в редакцию, они с супругой Аминой апай почти никогда не проходили мимо. Если не заставляли нас на месте – непременно звонили, чтобы договориться о встрече. А если долго, не появлялись, уже мы начинали искать. Такой была их забота о нас, их человеческое тепло. Светлый человек, представитель старшего поколения, с открытой душой и широким сердцем...

Сколько материалов вышло из-под пера Николая Антоновича! Его статьи на страницах «Ауыл тынысы» впоследствии нередко находили отражение и в книгах,

приобретая новое звучание. Многие из этих публикаций и сегодня бережно хранятся в нашем редакционном архиве.

Николай Антонович никогда не подводил редакцию: поручения выполнял вовремя и с высоким качеством. Но его вклад этим не ограничивался. Он был нашим надёжным помощником и в распространении газеты. В любую погоду заходил к руководителям торговых и сервисных предприятий районного центра, встречался с хорошо знакомыми председателями хозяйств в сёлах – всё ради того, чтобы продвигать «Вестник Бәйтерека». И в этом деле остался его след: он помогал увеличивать тираж и укреплять авторитет газеты.

Сегодня мы потеряли Николая Антоновича. наших ветеранов стало меньше ещё на одного человека. Его уход глубоко опечалил коллектив редакции, ведь для каждого из нас он был дорог по-своему. Всегда жизнерадостный, не знавший обид, смотревший в будущее с надеждой, умевший словом и делом быть примером для многих – он надолго останется в нашей памяти светлым образом.

Эти слова – как мост к другим страницам его жизни. Ведь Николай Антонович был не только журналистом, но и педагогом, наставником, другом для учителей и учеников. И о нём тепло вспоминает Татьяна Ефремова:

– Переметное – это моя душа, я здесь родилась, живу, тружусь, а что может быть дороже родного ручья, воздуха, который ты впервые вдохнул, появившись на свет? Из неодоушевленного – ни-



чего. Познакомилась с Николаем Антоновичем давно. Звонок, кто-то просит сценарий к уроку музыки. А потом, не заставив себя долго ждать, появился и тот, кто просил, улыбающийся, располагающий к себе, приятный и интересный собеседник. «Николай Антонович, – представился он, – тут дочка моя работает». Коллег, учителей музыки, в то время было мало, это потом все с дипломами молоденькие пришли в село. А тогда, 25 лет назад, детей учили музыке те, кто умел играть на баяне. Вот один из них и был Николай Антонович. Так мы и подружились. После ухода на пенсию Николай Антонович вместе с женой переехали поближе к детям и внукам в Переметное. Наша Переметнинская школа взяла, помимо своих ветеранов, шефство и над этим активным неравнодушным человеком. Николай Анципрович стал частым гостем нашей Переметнинской школы. Все мероприятия проходили с этим человеком

плодотворно и интересно. Нелегко в наше время чем-то удивить современных детей? Но Николай Антонович, обладавший быстрым умом, хорошей памятью, мог заинтересовать учащихся, и был многогранен в любой тематике. Наша школа потеряла хорошего помощника и надёжного друга.

Узнав, что в нашей школе есть историко-краеведческий музей, первый школьный музей в районе, он стал активным помощником и живым участником в возрождении краеведения, подарил нам множество интересных экспонатов разных лет: пионерский горн, карту исторических зданий Уральска. Но самым дорогим подарком для нас являются все книжные издания про жителей нашего района, ветеранов, тружеников тыла, рабочих разных профессий. Он оставил о себе яркий след и незабываемую память. Его замечательные книги – это судьбы людей, история нашей страны и огромная любовь к своей Малой родине, которая объ-

единила всех, кто знал, работал с этим энергичным, живым, активным и неравнодушным человеком. Мне больно, что его не стало, но я рада, что такой человек был рядом с нами и дарил людям радость.

А ещё о нём вспоминает человек, знавший его долгие годы, – председатель районного совета ветеранов Малик Утешев:

– Я знал Николая Антоновича с конца 80-х годов. В то время он работал учителем в Зеленовском (ныне Бәйтерек) районе, а я – в Ординском. Наше знакомство произошло в институте повышения квалификации. Особенно тесное общение началось в 2004 году, когда я приехал работать в район Бәйтерек. В это время он как раз выходил на пенсию. Но, несмотря на это, Николай Антонович активно участвовал в общественной жизни района. Его по праву называли «живым архивом». Он был прекрасным краеведом, собрал и записал множество материалов, писал о простых людях, не ограничивался лишь воспоминаниями. Он более полувека трудился внештатным корреспондентом районной газеты, выпустил несколько собственных книг. Это был человек, живший ради народа, а не ради личной выгоды. В жизни он оставался скромным, но до последнего дня честно служил обществу. Николай Антонович был летописцем целой эпохи, свидетелем и хранителем её памяти. Светлая память о нём сохранится в сердцах людей. Пусть душа покойного обретёт вечный покой в райских садах.

...Каждое воспоминание звучит по-своему, но все они складываются в единый образ – образ светлого человека, который прожил жизнь для людей. Николай Антонович Анципрович оставил после себя богатое наследие: книги, статьи, музейные экспонаты, воспоминания учеников и коллег. Но самое главное – он оставил добрую память о себе, которая будет жить в сердцах многих поколений.

Александра РОМАНОВА

Сайлаудағы ерекше сәттер

Бәйтерек ауданының Янайкин, Шалғай ауылдық округтерінде әкім сайлауы өтті. Бұл елеулі күн ерекше сәттермен айықталды.

Соңы бірі – сайлау күні 18 жасқа толып, ержеткен шалғайлық жас Әлішер Тасмұханов алғаш рет азаматтық таңдау жасады.

– Алғаш рет сайлауға қатысу – мен үшін жауапты сәт. Бұл менің азамат ретінде ел тағдырына араласқан алғашқы қадамым деп білемін. Болашақта өскен өлкенің өркендеуіне, елімнің дамуына үлес қосатын кейінгі толқынның өкілі ретінде саяси науқанда өз таңдауымды білдіру – мен үшін үлкен мәртебе, – деді жас сайлаушы.

Бұл күнгі мерейлі жас иелерінің санатында янайкиндік Дастан Мұғалімов те болды. Туған күні сайлаумен тұспа-тұс жігіттерге сый-сияпат ұсынылды.



Сайлауға ынтымағын танытып, жанұясының төрт көзі түгел келген Кенжебековтер әулетінің ауызбіршілігі көпке үлгі. Әулеттің келіні Мөлдір Төлепованың айтуынша, өздері отбасымен, қайын ағаларына абысын-ажындары еріп барып, бірге дауыс беруді әдетке айналдырған.

– Әулетіміз тоғыз ағайынды. Оның төртеуі Янайкинде тұрады. Осында тұрып жатқанымызға ширек ғасырдан асты. Әр сайлауда жанұялық бірлігімізді таныту бізде отбасылық дәстүр

десек, артық айтқандық емес. Халқымыздың игілігі үшін жарқын істер жүзеге асса екен дейміз. Сондай-ақ қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні мерекесі. Отбасымыз өсіп, Отанымыз өркендесін! – деді Мөлдір Төлепова.

Айтулы күнде өз таңдауын жасаған ерлі-зайыпты, Янайкин ауылына қарасты Богатск ауылының тұрғындары – ақсақал Нәсіпқали Тұрқаев пен зайыбы Қымбат Тұрқаева ел-жұрттың амандығын тілеп, ақ батасын берді.

– Айналайындар, біз жасымыз тоқсанға таяса да, әр сайлаудан қалмаймыз. Өйткені бұл жай саяси науқан емес, тәрбиелік мәні зор, келешекке көрсетер үлгісі бар шара болуға тиіс. Біз бастап ағалық жол көрсетпесек, Отаным десе от болып жалындайтын патриот жастар қалай қалыптаспақ?! Лайықты кандидатқа сенім білдірдік, – деп фибратты ғұмыр иелері халыққа ақ батасын жолдады:

Қасиетті халқым аман болсын,

Тыныш, молшылық заман болсын!

Береке-бірлік арылмасын, Жаратқан елді жарылқасын!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, жастарымыз зейінді, ғұмырлы болсын!

Өз тілшіміз



Площадка для открытого диалога

3 сентября в поселке Шалғай состоялись дебаты кандидатов на пост акима сельского округа Шалғай. Жители воспользовались возможностью познакомиться с кандидатами, чтобы сделать свой выбор.

На эту должность претендовали три кандидата – Асет Аубекеров, Турсынгуль Агисова и Нурсултан Конашев. Дебаты прошли в три этапа. Сначала кандидаты представили свои программы, на втором этапе они задавали вопросы друг другу. Каждый из них по-своему видит благоустройство округа, но при этом основные направления работы у всех самые актуальные – улучшение инфраструктуры в поселках, благоустройство, экономическое развитие края через развитие частного предпринимательства, социальная поддержка уязвимых слоев населения. Нурсултан Алибекович Конашев и Турсынгуль Муратқызы Агисова – сотрудники акиматов района Бәйтерек, они хорошо разбираются в административных рычагах управления. Асет Сериккалиевич Аубекеров – директор Ветеринарной станции, ветврач, хорошо знающий проблемы сельчан.

На третьем этапе дебатов слово предоставили жителям поселка. «Вы от сердца идете работать акимом нашего округа, или вас попро-



силы?» – такой вопрос был задан одной из активных жительниц поселка Валентиной Владимировной. В ответах на него все кандидаты выразили свое отношение к предстоящей возможной ответственности за округ. Вторым вопросом касался качества интернет-связи. Каждый из кандидатов представил свои методы решения проблемы. «До конца 2028 года все населенные пункты РК должны быть обеспечены широкополосной связью с Интернетом. В данный момент интернет передается по системе «мост-мост», через вышки, стоящие на определенном расстоянии друг от друга. Из-за этого скорость и качество невысокие. Сейчас этот вопрос поднимается на республиканском уровне, идет финансирование для оснащения новым оборудованием. Качество интернета улучшится», – рассказал Нурсултан Конашев.

«Какие есть перспективы

у предпринимателей в нашем поселке, кроме животноводства?» – житель поселка Жантемиш в своем вопросе выразил самую главную проблему молодежи. Кандидаты назвали такие направления, как бьюти-бизнес, открытие развивающих кружков, станций техобслуживания, заправок. В стране работает множество программ, работают представители палаты предпринимателей, которые консультируют людей, решивших начать свое дело и нуждающихся в стартовом капитале.

– В сельском округе Шалғай 529 избирателей. Мы проводим работу и с жителями сельских округов, и с членами избирательных комиссий, чтобы выборы проходили на высоком организационном уровне, – отметил присутствовавший на дебатах председатель избирательной комиссии Адил Жоламанов.

Алла ЛИТВИНЧУК

Янайкин, Шалғай ауылдық округтері әкімдерінің сайлау қорытындылары туралы Бәйтерек ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 7 қыркүйекте Бәйтерек ауданының ауылдық округтері әкімдерінің екі сайлау округі бойынша сайлауы өтті.

Бәйтерек ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес Бәйтерек ауданының ауылдық округтері әкімдерін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

Янайкин сайлау округі

Янайкин сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 715 сайлаушы енгізілді, оның ішінде 370-і дауыс берді. «Барлығына қарсы» деген жолда белгісі бар – 15. Жарамсыз бюллетендер саны – 7.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

С.Қ. Аққайырова – 221 (63,51 %);
Қ.И. Қарағойшин – 123 (35,34 %);
А.А. Хан – 4 (1,15 %).

Янайкин ауылдық округінің әкімі болып **Аққайырова Сәуле Қуанқызы** сайланды, 1972 жылы туған, Бәйтерек ауданының Янайкин ауылдық округінің әкімі, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылында тұрады, өзін-өзі ұсынды.

Шалғай сайлау округі

Шалғай сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 529 сайлаушы енгізілді, оның ішінде 264-і дауыс берді. «Барлығына қарсы» деген жолда белгісі бар – 32. Жарамсыз бюллетендер саны – 14.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Т.М. Агисова – 36 (16,51%);
Ә.С. Аубекеров – 20 (9,18%);
Н.Ә. Қонашев – 162 (74,31%).

Шалғай ауылдық округінің әкімі болып **Қонашев Нұрсұлтан Әлібекұлы** сайланды, 1992 жылы туған, Бәйтерек ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және бақылау жұмысы бөлімінің басшысы, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылында тұрады, өзін-өзі ұсынды.

Бәйтерек ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ

территориальной избирательной комиссии района Бәйтерек об итогах выборов акимов Янайкинского, Шалғай сельских округов

7 сентября 2025 года состоялись выборы акимов сельских округов района Бәйтерек по двум избирательным округам.

Территориальная избирательная комиссия района Бәйтерек в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах голосования по выборам акимов сельских округов района Бәйтерек установила итоги выборов:

Янайкинский избирательный округ

В список избирателей по Янайкинскому избирательному округу было включено 715 избирателей, из них проголосовали – 370. С отметкой в строке «Против всех» – 15. Число недействительных бюллетеней – 7.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

С.К. Аккаирова – 221 (63,51 %);
К.И. Карагойшин – 123 (35,34 %);
А.А. Хан – 4 (1,15 %).

Акимо Янайкинского сельского округа избрана **Аккаирова Сауле Куановна**, 1972 года рождения, аким Янайкинского сельского округа района Бәйтерек, проживает в селе Янайкино района Бәйтерек Западно-Казахстанской области, самовыдвижение.

Избирательный округ Шалғай

В список избирателей по избирательному округу Шалғай было включено 529 избирателей, из них проголосовали – 264. С отметкой в строке «Против всех» – 32. Число недействительных бюллетеней – 14.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Т.М. Агисова – 36 (16,51 %);
А.С. Аубекеров – 20 (9,18 %);
Н.А. Конашев – 162 (74,31 %).

Акимо сельского округа Шалғай избран **Конашев Нұрсұлтан Алибекович**, 1992 года рождения, руководитель отдела организационной работы и контроля аппарата акима района Бәйтерек, проживает в селе Переметное района Бәйтерек Западно-Казахстанской области, самовыдвижение.

Территориальная избирательная комиссия района Бәйтерек

Янайкин, Шалғай ауылдық округтері әкімдерін тіркеу туралы Бәйтерек ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Бәйтерек ауданының аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 7 қыркүйекте Янайкин, Шалғай ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өткізді. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45-бабына, 113-11-бабына және сайлаудың қорытындыларына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 10 қыркүйектегі шешімдерімен Янайкин, Шалғай ауылдық округтерінің әкімдері лауазымына келесі кандидаттар тіркелді:

Янайкин ауылдық округі – Аққайырова Сәуле Қуанқызы, 1972 жылы туған, Бәйтерек ауданының Янайкин ауылдық округінің әкімі, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылында тұрады, өзін-өзі ұсынды.

Шалғай ауылдық округі – Қонашев Нұрсұлтан Әлібекұлы, 1992 жылы туған, Бәйтерек ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және бақылау жұмысы бөлімінің басшысы, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылында тұрады, өзін-өзі ұсынды.

Бәйтерек ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ

территориальной избирательной комиссии района Бәйтерек о регистрации акимов Янайкинского, Шалғай сельских округов

Территориальной избирательной комиссией района Бәйтерек 7 сентября 2025 года были проведены выборы акимов Янайкинского, Шалғай сельских округов. По итогам выборов и в соответствии со статьей 45, статьей 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», районная территориальная избирательная комиссия решениями от 10 сентября 2025 года зарегистрировала акимами Янайкинского, Шалғай сельских округов следующих кандидатов:

Янайкинский сельский округ – Аккаирова Сауле Куановна, 1972 года рождения, аким Янайкинского сельского округа района Бәйтерек, проживает в селе Янайкино района Бәйтерек Западно-Казахстанской области, самовыдвижение.

Сельский округ Шалғай – Конашев Нұрсұлтан Алибекович, 1992 года рождения, руководитель отдела организационной работы и контроля аппарата акима района Бәйтерек, проживает в селе Переметное района Бәйтерек Западно-Казахстанской области, самовыдвижение.

Территориальная избирательная комиссия района Бәйтерек

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам – ортақ мақсат

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің БҚО филиалының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында алқалы жиын өтті.

Іс-шараға «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің БҚО филиалы директоры, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» номинациясының иегері, академик Ақсерік Әйтімов, «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің БҚО филиалы директорының орынбасары, ҚазИТУ ректоры, БҚО мәслихатының депутаты Әліби Баяхов және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қоғамдық кеңесінің мүшесі, «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәлс Семғалиев қатысып, пікірін білдірді.

Жиынды ашқан аудан



әкімі Марат Тоқжанов сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесінің бүгінгі күні өзектілігіне ерекше назар аударды. Аудан әкімі бұл басқосудың негізгі мақсатын айқындай отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген қоғам үшін қауіпті құбылыс екенін, алайда оның алдын алу мен тиімді басқарудың ең маңызды элементі мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам мүшелерінің ішкі мәдениетіне және тәртібіне тәуелді екенін атап өтті. Марат Лұқпанұлы: «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек заңды талаптармен шектелмеуге тиіс. Бұл күрестің бастауы әрбір адамның жүрегінде және санасында. Мемлекеттік қызмет – азаматтарға қызмет көрсету ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани болашағына үлкен жауапкершілікпен

қарауды талап ететін міндет», – деп, сөз кезегін сарапшы-спикерлерге ұсынды.

Ақсерік Сарыұлы заң мен тәртіпті ілгерілету мәселесін кеңінен қозғап, бұл ұғымдардың қоғамның тұрақтылығы мен әділдігін сақтаудағы басты құралдар екенін жеткізді. Оның айтуынша, әр елдің саяси және әлеуметтік контексті заңды қамтамасыз етудің өз әдістерін қалыптастырады. Мысалы, АҚШ-та полиция мен қоғам арасындағы өзара байланысқа көп көңіл бөлінсе, Ұлыбританияда заң үстемдігі мен әділеттілік жүйесі дәстүрге негізделген. Қазақстанда да осы үлгілерді ескере отырып, азаматтық қоғам мен құқық қорғау органдары арасындағы сенімді нығайтуға баса назар аударылуы қажеттігін сөз етті.

«Құқықтық мәдениетті

қалыптастыру – бұл тек заңдарды сақтау емес, сонымен қатар азаматтардың құқығын, ар-ожданын, әділеттілікке деген сенімін арттыру. Заң қысым көрсету тетігі емес, әр адамның құқығы мен бостандығын қорғайтын ең маңызды құрал болуға тиіс», – деді ол.

Әліби Науханұлы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда жастардың рөлін ерекше атады. Оның пікірінше, бұл күрестің маңызды кезеңі – жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Спикер қазіргі кезде құқықтық тәртіпке бағыну, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайту үшін цифрлық технологияларды тиімді пайдалану қажеттігін айта келе, қазіргі уақытта жастар арасында құқықтық сауатты арттыру үшін білім

беру жүйесі мен құқық қорғау органдарының тығыз байланысы қажет екеніне тоқталды. Ол: «Заң мен тәртіп идеологиясын қалыптастыру тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – қоғамның барлық мүшесінің ортақ ісі. Біздің басты мақсатымыз – құқықтық мемлекет құру және осы жолда жастарға дұрыс бағыт беру», – деген тұжырым төңірегінде ой қозғады.

Ал Мәлс Зайноллаұлы сыбайлас жемқорлықпен күрес ең үлкен мәселенің бірі екенін айтып, оны жою жолында тек заң шығарушы органдар емес, қоғамның барлық қабаты бірігіп жұмыстануы шарт екенін атады. Ол сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыруда мониторинг жүргізу мен қаржылық бақылаудың маңызын айтты. «Халықтың ақшасы ешкімнің меншігі емес, ол – барлық азаматқа ортақ. Сондықтан оның мақсатты жұмсалыуы бақылау, әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету – әрбір азаматтың міндеті», – деді. Сонымен қатар ол сыбайлас жемқорлықпен күресуде қоғамның сана-сезімін өзгерту маңызды екенін атап өтті.

Жиынды түйіндеген Марат Лұқпанұлы алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты күшейте, заң мен тәртіпті барлық салада бірдей сақтай отырып, еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуі жолындағы адал қызметке жастарды тәрбиелеу ісі жүйелі жалғасатынын жеткізді.

Өз тілшіміз

Сындарлы кезеңге дайындық жұмыстары пысықталды

Аудан әкімдігінде қысқы маусымға дайындық пен көктем мезгіліндегі су тасқынының алдын алуға бағытталған жұмыстарды пысықтау, төтенше жағдайларды туындатпауға қатысты жиын өтті. Оған аудан әкімі Марат Тоқжанов, бөлім басшылары, құқық қорғау құрылымдарының өкілдері мен ауылдық округ әкімдері қатысты.



Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Рауан Қашқынбаевтың айтуынша, 2024-2025 жылғы жылыту маусымының қорытындысы бойынша аудан аумағында 46 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылы 43 жағдайды құраған. Өрт қауіпті факторларынан бір адам көз жұмса, тағы бір адам жарақат алған. Улы газбен улану дерегі тіркелмеген. Өрттердің негізгі себебі тұрғындардың отты абайсыз пайдалануы, жылыту пештерін

орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау, сондай-ақ электр жабдықтарын монтаждау мен тұрмыстық құралдарды дұрыс қолданбау, мас күйінде төсекте темекі шегу, дәнекерлеу жұмысын жүргізу сияқты жағдайлардан шыққан. Алдын алу бағытында да ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Соның бірі – тұрғындарды ақпараттандыру мақсатындағы іс-шаралар. Мысалы, аудандық «Ауыл тынысы» газетінде төрт мақала, аудан әкімдігі мен білім беру бөлімінің сайтында

54 пост және 15 бейнеролик жарияланған. Әлеуметтік желілерде 148 материал орналастырылып, 139 рейд ұйымдастырылған. Тұрғындарға 1257 жадынама таратылды.

Аудан аумағында жеке қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған түсіндіру шаралары жыл сайын тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Әлеуметтік осал топтарға ерекше назар аударылып, 27 үй есепке алынған. Бұл отбасыларға профилактикалық түсіндіру жұмысы жүргізіліп, әлеуметтік

карталар толтырылды және жергілікті атқарушы органдарға жолданды. Жылыту маусымында бұл үйлер қайта тексерілмек.

Жиынды қорытындылаған Марат Тоқжанов қысқа дайындықты және көктемгі кезеңдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапты құрылымдар арасындағы үйлесімділікті күшейту қажеттігін атап өтті. Әрбір бөлім мен ауылдық округ әкімдеріне нақты міндет жүктелді.

– Қысқа дайындық жұмысын уақытында аяқтауымыз керек. Апатты жағдайда

тұрған үйлердің нақты санын айқындаңдар. Шлюздердің қатты қалдықтар мен қоқыстардан тазалануы, қысқа жабылуы, ішіне мұз қатпауын жіті қадағалаңдар. Олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету – басты міндет. Көктемде су тасқыны кезеңінде халыққа қауіп төндірмей, барынша алдын алу шараларын қолға алуымыз қажет. Ертең-ақ «Ашыңдар» деген кезде олармен су өткізуде еш кедергі болмасын, – деді аудан әкімі.

Өз тілшіміз

Меншік иесі:
“Жайық Пресс” ЖШС
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ

“Жайық Пресс” ЖШС Бәйтерек аудандық
“Ауыл тынысы”
қоғамдық-саяси газетінің
директор-редакторы
Сәкен ӘБІЛХАЛЫҚОВ

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы 19 қаңтарда тіркеліп, №12262-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090600, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 83
Телефондар: редактор: 22-3-74, есеп бөлімі: 23-4-12.
Біздің электронды поштамыз E-mail: ауылтынусу@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.


Газет “Жайық Пресс” медиахолдингіде компьютерлік әдіспен теріліп, беттелді.
“Полиграфсервис” ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қаласы, Л. Толстой көшесі, 27/6.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс: 37
Таралымы 2079 дана.

Кезекші редактор С. ЗҰЛҚАРНАЕВА

Жаңа оқу жылы – жас буын үшін жаңа белеске жол ашатын ерекше кезең. Әр студенттің алдында өзіндік арман-мақсаты, жоспары тұрады. Бірі білімге ден қойып, таңдаған мамандығын терең меңгеруді көзде, енді бірі қосымша табыс тауып, ата-анасына сүйенбей, дербес болуға ұмтылады. Олардың әрқайсы жаңа семестрді үлкен үмітпен қарсы алып, болашақ кәсібіне алғашқы қадам жасауда. Осы орайда Бәйтерек ауданынан түлеп ұшқан студенттердің дайындық барысын, білімге құштарлығын, ой-пікірін, олардың жаңа оқу жылына қаншалықты жауапкершілікпен қарап отырғанын сұрап, сауалнама жүргізіп көрдік. Сіз оқи отырыңыз, қымбатты оқырман!

Аяулым САФИЕВА, Янайкин ауылы:



– Биыл Батыс Қазақстан университетіне ағылшын тілі мұғалімі мамандығына оқуға түстім. Жаңа оқу жылына дайындықты ерте бастап, қажет құралдарымды түгелдеуге тырыстым. Әрине, оқу құралдары мен киім-кешекке біраз қаражат жұмсалды, дегенмен отбасым әрдайым қолдау көрсетіп, жағдай жасап отыр. Ендігі мақсатым – оқуға барынша ден қою. Алдағы уақытта қосымша табыс табуды да ойлап жүрмін. Маған ең үлкен демеу беретін, алдымен, өзім және алға қойған мақсатым. Сондай-ақ жанымнан табылатын жандар – ата-анам. Жаңа семестрден көп нәрсе күтемін: жаңа таныстар, қызықты оқиғалар, тың тәжірибелер. Бос

СТУДЕНТТІК ШАҚ: басты назар – білімде!

уақытымды пайдалы іске арнап, ағылшын тілін жетік меңгеруді басты назарға қойып жүрмін. Студенттік өмірде оқу мен жеке тіршілікті үйлестіру оңай емес, бірақ дұрыс жоспарласа, бәріне уақыт табуға болады деп сенемін. Болашақта білікті мұғалім болып, шәкірт тәрбиелеу – ең үлкен арманым. Сондықтан бұл оқу жылы маған сол арманға бір қадам жақындауға жол ашты дер едім.

**Әділ ҚАЛИМУЛЛА,
Байқоныс ауылы:**



– Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 3-курс студентімін. Дене шынықтыру мұғалімі және спорт жаттықтырушы мамандығын меңгеріп жүрмін. Жаңа оқу жылына дайындық ойдағыдай: оқу құралдарым да, спорт жабдықтарым да түгел. Әрине, спортқа қажет құрал-жабдықтардың бағасы арзан емес, бірақ ең бастысы – сапасына мән беру. Қазір «Дала қырандары» жастар қоғамдық бірлестігінде қызмет атқарып жүрмін. Сол жерден табыс табамын, яғни оқумен бірге жұмыс істеуге де мүмкіндік бар. Дегенмен басты назарым – білімде. Әрдайым ата-анамның қолдауын сезініп, достарымның сенімін бағалаймын. Жаңа семестрден күтерім көп: мектептерде тәжірибеден өтіп, болашақ мамандығыма жақындай түскім келеді. Бос уақытым көп бола бермейді, уақыттың басым бөлігі спорт пен жаттығуларға арналады. Телефон қолдансам да, негізінен спорттық іс-шараларда

жүргенді жөн көремін. Үшінші курс студенті болғандықтан, оқу процесіне үйреніп қалдым. Бірақ кейде спорттық жаттығулар мен сабақтың уақытын үйлестіру оңайға түспейді. Ондай сәтте таңдауды спорттың пайдасына жасауға тура келеді. Болашақта әскери кафедрада алған білімнің арқасында елге қызмет етуді, құзырлы органдарда еңбек етуді мақсат етемін. Менің ойымша, студенттік өмірдің ең қызығы – бірінші курсқа түскен шақ. Жаңа орта, жаңа өмірге қадам басу ерекше әсер қалдырады. Ал ең қиыны – сессия. Дегенмен оған да дайындықпен барып, өзіңе сенсең, кез келген сынақтан өтуге болады.

Бекзат САМАТ, Достық ауылы:



– Қазір Олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат колледжінің 3-курс студентімін. Жаңа оқу жылына толық дайынмын, қажет құрал-жабдықтардың бәрін алдын ала алып қойдым. Әр жылы әртүрлі шығын шығатыны белгілі, бірақ бұл мәселе мен үшін аса қиындық тудырмайды. Студенттік өмірде оқумен қатар жұмыс істеуге де болады деп есептеймін. Өзім де қазір еңбек етіп жүрмін, сол арқылы тәжірибе жинап қана қоймай, табыс табуға да мүмкіндік бар. Әрине, бұл тұрғыда ата-анамның қолдауы мен достарымның жанымнан табылуы ерекше күш береді. Мен үшін оқу процесінде үлкен кедергі жоқ, бәрі адамның өзіне байланысты. Алдағы мақсатым –

мамандығым бойынша тәжірибе жинап, ауылға барып еңбек ету. Өйткені ауылға білікті маман да, кәсіби жаттықтырушы да қажет. Студенттік өмірдің ең қызығы – топтастарыммен бірге жүріп, бір-бірімізді қолдап, бірге еңбек ету. Ал қиыны – сабақ пен жұмысты қатар алып жүру. Дегенмен дұрыс жоспарлап, уақытты тиімді пайдалана білсе, оның да шешімі табылады.

Бегімай ҚАНАТБЕРГЕН-ҚЫЗЫ, Янайкин ауылы:



– Биыл Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне қаржы мамандығына грант негізінде қабылдандым. Жаңа оқу жылына дайындық барысында біршама қаражат жұмсалды. Қазіргі таңда қосымша жұмыс істемеймін, қажет қаражатымды ата-анам қамтамасыз етіп отыр. Күн тәртібім негізінен сабақ оқумен байланысты. Бос уақытымда кітап оқуға тырысамын. Студенттік өмір жаңа басталғандықтан, әзірге бар уақытымды білімге арнаудамын. Алдағы жоспарым көп: ең бастысы – мамандығымды жақсы меңгеріп, болашақта білікті қаржыгер атану. Менің ойымша, студенттік шақ – жаңа белестерге жол ашатын кезең. Сол үшін әр мүмкіндікті дұрыс пайдалану маңызды.

**Кристина БАТЯЕВА,
Құрманғазы ауылы:**

– Жаһанша Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің 2-курс студентімін. Бастауыш сынып мұғалімі мамандығын таңдап, осы салаға



қызығушылықпен оқып жүрмін. Жаңа оқу жылына дайындық сәтті өтті: қажет оқу құралдарын түгелдеп үлгердім. Орта есеппен 140-150 мың теңгедей қаражат жұмсалды, бірақ бұл тұрғыда айтарлықтай қиындық туған жоқ. Оқумен қатар қосымша жұмыс та істеймін. Сонымен бірге жазғы шәкіртақым бар, сол септегі ата-анамнан көп қаржы сұрамауға тырысамын. Дегенмен маған әрқашан ең үлкен қолдау көрсететін ол – ата-анам. Екінші курстан жаңа білім, әсіресе практикалық тәжірибе күтемін. Топтастарыммен араласу, студенттік парламент жұмысына қатысу – қызықты сәттердің бірі. Бос уақытымда волейбол ойнап, әлеуметтік желілер жүргіземін. Қазіргі таңда мен үшін ең бастысы – оқу мен болашақ мамандық. Жеке өмірді ойлайтын уақыт әлі алда, әзірге бар назарымды кәсіби білімге арнап жүрмін. Болашақта бастауыш сынып мұғалімі болып, балаларға білім беруді шын жүректен қалаймын. Студенттік өмірдің ең қызығы жаңа таныстар мен ортаға бейімделу болса, ең қиыны – оқу кестесінің тығыздығы мен жүктеменің артуы. Бірақ уақыт өте келе бәріне бейімделіп, қиындықтарды еңсеруге болатынына көзім жетті.

Қорыта айтқанда, студенттердің пікірін байқалғандай, жаңа оқу жылына деген құлшыныста, дайындық та жоғары деңгейде. Әрқайсы болашақ мамандығына адал болуды, уақытын тиімді пайдалануды, білім мен еңбекті қатар алып жүруді басты мақсат етіп отыр. Жастардың ынта-жігері, жаңа белестерге деген сенімі – елдің дамуына қосар үлесінің кепілі. Бүгінгі студенттің табандылығы мен ізденісі – ертеңгі сапалы кадр, білікті маманның қалыптасуына жол ашатын басты алғышарт.

Қаражар ауылында саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған ардақты ұстаз Жұмажан Жанғазиевті еске алуға арналған шағын футболдан ауыл азаматтары Алтынбек Қажығалиев пен Алмаз Ізтілеуовтің мұрындық болуымен дәстүрлі турнир ұйымдастырылды. Жарыстың ашылу салтанатына ауыл әкімі Алексей Герасимов (турнирге демеуші тапқан) пен марқұмның жиені, Егіндібулақ ауылының әкімі Ринат Ескендіров арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді.

– Құрметті жерлестер, қадірлі спортсүйер қауым! Бүгін Қаражар ауылында ұйымдастырылып отырған футбол турнирі ұстаздық жолында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, білім мен тәрбиенің майталманы атанған Жұмажан Жанғазиевке арналып отыр. Ол кісі ауыл мектебінде ұзақ жыл қызмет атқарып, директорлықтан бастап, ұстаздық жолын абыроймен жалғастырды. Өмірін

Жанғазиевті еске алу турнирі



туған ауылына арнап, жас ұрпаққа білім нәрін берген асыл жанның өнегесі – кейінгі ұрпаққа үлгі, – деді ауыл әкімі Алексей Герасимов.

Ал Ринат Ескендіров өз сөзінде: – Жұмажан Жанғазиев – менің нағашым. Ол кезінде Чернояр аталған мектепті қалаушылардың бірі болған. Бұл турнир дәстүрге айналып келе жатқаны

қуантады. Былтыр тұңғыш рет ұйымдастырылса, биыл екінші мәрте өтіп отыр. Саламатты өмір салтын насихаттап, нағашымды еске алып жатқандарыңызға зор алғысымды білдіремін. Әсіресе турнирдің өтуіне қолдау көрсеткен Переметный ауылдық округіне, Бәйтерек спорт клубына және аудандық жастар ресурстық орталығына



ризашылығымды жеткіземін, – деді.

Жарысқа Переметный, Белес, Мичурин, Шапов, Қаражар, Болашақ және Қайнар ауылдық округтерінен келген жеті команда қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Қорытындысында III орынға Белес командасы ие болса, II орынды Переметный командасы қанжығасына байлады. Ал I орынды қарсыластарынан оқ бойы оза шапқан Шапов ауылдық округінің футболшылары жеңіп алды.

Сонымен қатар жеке аталымдар бойынша үздіктер анықталды: «Үздік ойыншы» – Шапов ауылынан Рустам Көшкінбаевқа, «Үздік қақпашы» – Переметный ауылынан Айнат Махмутқа, «Үздік қорғаушы» атағы Қаражар ауылының ойыншысы Самат Сакиевке бұйырды. Жарысқа демеушілік танытқан ауыл азаматы – Қайрат Сакиұлы Габдуалиев.

Жарыс соңында қатысушылар мен көрермендер ардақты ұстаздың есімін құрметпен еске алып, осындай турнирлердің алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын табарына сенім білдірді.